

УДК 347.472.024

## АЗАМАТТЫҚ ЗАҢНАМАМЫЗДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ СЫЙҒА ТАРТУДЫ ШЕКТЕУДІҢ АШЫЛМАҒАН МІСЕЛЕЛЕРІ

Иса Зарина Болатқызы

issa.zarina@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің  
Құқықтану мамандығы бойынша 2 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші: Марат Н. М.

*Сыйға тарту шарты бойынша бір тарап (сыйға тартушы) басқа тараптың (сыйды алушының) меншігіне затты не өзіне немесе үшінші тұлғаға мүліктік құқықты (талапты) тегін береді немесе беруге міндеттенеді не оны үшінші тұлғаның алдындағы мүліктік міндеттен босатады немесе босатуға міндеттенеді*[1].

Сыйға тарту Азаматтық құқықтағы көне шарттардың бірі болып табылады. Рим құқығының республика кезеңінен бастап (б.з. д. V-I ғғ.) сыйға тарту меншік құқығының пайда болу негіздерінің бірі болып танылды. Революцияға дейінгі азаматтық заңнамада сыйға тарту келісім шарттардан алынып, тек заттық құқықтардың пайда болуының негізі ретінде қарастырылды. Сыйға тарту шартының мәні мүлікті өтеусіз беруден тұрады. Сыйға тарту шарты өзінің табиғаты бойынша қарсы қанағаттандыруды көздемейді. Кез келген қарсы міндеттеме сыйға тарту моделінің өзіне қайшы келеді. Затты немесе құқықты, не міндеттемені қарсы беру болған кезде шарт сыйға тарту болып саналмайды. *Сонымен, сыйға тарту шарты ақысыз, нақты және біржақты шарт болып табылады*[2].

Сыйға тарту шартының нысаны болып азаматтық айналымнан алынбаған заттар және азаматтық құқықтың дербес объектісі бола алатын мүліктік құқықтар табылады. Сондықтан көрсетілген мүліктік құқық тек сыйға беруші мен сый алушының арасында ғана мәні болмай ол басқа да тұлғалардың қатысуы мен азаматтық айналымда кеңінен қолдануға жарамды болу керек. Әлдекімге затты немесе мүліктік құқықты тегін беруге уәде ету не әлдекімді мүліктік міндеттен (сыйға тартуға уәде беруден) босату сыйға тарту шарты болып танылады және егер уәде тиісті нысанда (508-баптың 2-тармағы) жасалса және алдағы уақытта нақты тұлғаға затты немесе құқықты тегін беру, не оны мүліктік міндеттен босатуға айқын ниет білдірілген болса, уәде берушіні босатпайды.

Қандайда бір игілікті қайтарымсыз алу әрқашан сыйға тарту болып табылмайды. «Рим құқығында қайтарымсыз пайдалану, процентсіз займ және қайтарымсыз сақтау сыйға тарту деп қарастырылмаған». Сыйға тарту болып бір нәрсені уақытша пайдалануға беру немесе ақысыз қызметті жүзеге асыру болып келмейді, тек сезілетін нәрсені беру сыйға тарту болып бағалануы мүмкін. Айтылған ҚР-ның азаматтық құқық доктринасында қалыптасқан сыйға тарту шартының түсінігіне және оның пәніне қарама-қарсы келмейді. Егерде сыйға тарту белгілі бір міндеттемеден босатады, онда, бұл әрекетте біз азаматтық-құқықтық міндеттемені барынша көшіру арқылы тоқтату сияқты Азаматтық кодексінің 373-бабымен көзделген әрекеттен өзгешелік байқай аламыз. [3].

ҚР Азаматтық кодексінің 509-бабына сәйкес, сыйға тартуға тыйым салынатын жағдайлар,

құны заң актілерінде белгіленген он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын әдеттегі сыйлықтарды қоспағанда:

1) жас балалар мен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың атынан олардың заңды өкілдерінің;

2) емдеу, тәрбиелеу мекемелерінің, әлеуметтік қорғау мекемелерінің және сол секілді мекемелердің қызметкерлеріне олардың емдеуіндегі, асырауындағы не тәрбиесіндегі азаматтардың және осы азаматтардың зайыптары мен туыстарының;

3) мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жағдайына байланысты немесе олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты сый тартуға жол берілмейді.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың (Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдардың, сондай-ақ, аталған функцияларды орындауға, олардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерге пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауға уәкілеттік берілген адамдар Заңның 13, 14 және 15-баптарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау жөнінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдайды[4, 509].


*Осыдан туындайтын сұрақ, мемлекеттік қызметшілерге берілетін сыйлыққа қатысты шектеу сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді әдіс пе?*

Бұл тек біздің еліміздің заңнамасында ғана емес, шет мемлекеттердің басым бөлігінде көрініс табады. Мысалыға, Ресей Федерациясын алайық, сыйлықтарды алуға тыйым салу "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 25.12.2008 № 273-ФЗ (12.1-бап) Заңында белгіленген.

РФ АК 575-бабына сәйкес, мемлекеттік қызметкерлерге құны 3000 руб. асатын сыйлықтарды алуға тыйым салынады[7, 575].

Францияда пара деп саналмайтын сыйлықтың шекті құны 35 еуроны құрайды (қымбат сыйлықтар сыйға тартушыға қайтару ұйғарылған), Ұлыбританияда – 140 фунт (егер министр сыйлықты қалдырғысы келсе, ол мемлекеттік қазынаға сол сыйлық құнын және шекті соманы қоса төлеуі тиіс), АҚШ пен Молдавияда-50 доллар, Украинада – 100 гривенді құрайды.

## Страны с самым низким уровнем коррупции



Сурет 1 сыбайлас жемқорлыққа байланысты 2019 жылғы көрсеткіш

Жоғарыда көрсетілген статистикаға мән беретін болсақ Сингапур сыбайлас жемқорлықтан ең таза мемлекеттердің қатарына жатқызылады, және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тарихында аз уақыт ішінде осындай жоғарғы көрсеткішке қол жеткізген бірден бір мемлекет болып саналады. Сингапур заңнамасында мемлекеттік қызметкерлердің сыйлық алуына байланысты шектеулер көрсетілген бе?

Сингапурда мемлекеттік қызметкерлер белгіленген сомма шегінде сыйлықтар алуға құқылы, бірақ ол сомма шегінен асқан жағдайда, мемлекеттік қызметшілер оны мемлекеттік қазынаға өткізуге міндетті болып табылады. Осыдан он жыл бұрын Сингапурға барған Ресей Қаржы министрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін шенеуніктердің қандай қарым-қатынаста болатынын жүйелі түрде бақылау қажет болатын, және оның айтқан Сингапурда жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестердің бір әдісі осы болды. Яғни бұл біздің заңнамамызға шет мемлекеттердің тәжірибесі негізінде енген, және оның тиімді амалдардың бірі екендігінің көрінісі[5].

Бұл тақырыптағы тағы бір өзекті мәселе параны сыйлықтан айыра білу. Сыйлық пен параның ұқсатығы, екеуіде мүліктік пайданы көздейді. Параның сыйлықтан бір ерекшелігі, яғни ол жасалған әрекеттер үшін төлем болып табылады немесе оны қызметтік әрекет (әрекетсіздік) жасауға ынталандырады. Сыйлық мұндай себеп шарттылығын жоққа шығарады, сыйлық-бұл қандай да бір қарсы ұсыныстың болмауы. ҚР Азаматтық Заңнамасына сәйкес, мемлекет қызметкерлеріне берілетін сыйлық 10 АЕК аспауы тиіс болып табылады. Яғни, бұл құны 10 АЕК-ке жетпейтін сыйлық пара болып есептелмейді дегенді білдіреді. *Сыйлық оның құнына емес, мотивіне байланысты пара ретінде саналуы қажет емес пе?*

ҚР Азаматтық кодексінде сыйлық ұғымы толығымен ашылмаған. Сыйлық ұғымының нақты анықтамасы көрсетілмеген. Сыйлықты ақша сомасымен өлшеуге келмейтін жағдайларда кездеседі. Мысалыға алсақ, интеллектуалды қызмет нәтижелері, белгілі бір қызмет көрсетулер, жұмыстар.

Мемлекеттік қызметшілерге берілген кез келген сыйлық, оның құнына және көлеміне қарамастан, мынадай жағдайларда пара ретінде саналуы тиіс:

1. мұндай сыйлықты лауазымды адам сыйға тартушының заңды мүдделерін бұзуға әкеп соғатын іс-әрекетті (әрекетсіздікті) жасау қатерін төндіріп немесе, соңғыны өзінің құқық қорғау мүдделерін қамтамасыз ету үшін "сыйлық" беруге мәжбүр болған жағдайда;

2. сыйға тартушы мемлекеттік қызметкерден қызметіне байланысты белгілі бір жұмысты, өтінішті орындауын сұрай отырып сыйлық берген болса;

3. егер сыйға тартушының белгілі бір мүліктік, немесе өзге де пайданы көздеуі айқын болса.

Содай ақ бұл мәселені шешуде, Қытай Халық Республикасының әдісін қолдануды ұсынамын. Қытай мемлекеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауыр жазаларды қолданатын мемлекет ретінде белгілі. Олардың заңнамасында мемлекет қызметкерлеріне қатысты сыйлықтың шекті құны көрсетілмеген, онда алуға жатпайтын сыйлықтар тізімі айқындалған[6].

Қорытындылай келе, ҚР Азаматтық кодексі бойынша, сыйға тарту шарты-сыйға тарту объектілерін өтемсіз өзге тұлғаға беру ретінде түсіндіріледі. Сондай-ақ, заңнамамызда оның құқықбұзушылық ретінде көзделетін жағдайлар көрсетілген. Бірақ, құқықбұзушылық нысаны болып табылатын сыйлық критерийлері ашылмаған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің азаматтық құқық аспектілерінде сыйлық және пара ұғымдары нақты анықтаманы талап етеді.

#### ***Қолданылған әдебиеттер тізімі:***

1. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім)

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі.

2. Комментарий Гражданского кодекса Республики Казахстан (Особенная часть, главы 25-31) (Ответственные редакторы: Сулейменов М.К., Басин Ю.Г)

3. Гражданское право. Особенная часть [Текст] : учебник. Т. I/ Г.А. Жайлин. - Алматы : Nurpress, 2011. - 296 с

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.

5. Елена Панфилова: Косметика против коррупции [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ulitskaya.viperson.ru/wind.php?ID=457692&soch=1/>

6. Взятка в красивой обертке [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.ipppou.ru/article.php?idarticle=002983/>

7. Гражданский кодекс Российской Федерации/ вторая часть/1995г.